



KORKYT ATA
UNIVERSITY

<https://korkyt.edu.kz/>

SYR TÚLEGI

student jastar gazeti

1992 жылдың мамырынан бастап шығады

№15 (440) 29 желтоқсан,
2023 жыл



Құрметті әріптестер, қымбатты білім алушылар!

Баршаңызды келе жатқан жаңа 2024 жылмен шын жүректен құттықтаймын! Біз әрбір жылды өз жетістігімен шығарып салып, Жаңа жылда алдымызға анық мақсаттар қойып, игі нәтиже күтеміз. Жаңа жыл – рухани серпіліс әкелетін, жарқын жетістіктерге жетелейтін мереке. 2023 жыл университет үшін табысты, жетістігі мол жыл болды. Білім ордасында ғылым, білім, тәрбие бағыты бойынша көптеген ауқымды жұмыстар жүзеге асты. Бұның барлығы – университет ұжымының адал еңбегі, бекем бірлігінің жемісі!

Қадірлі қауым!

Жақсылықтың жаршысы саналатын Жаңа жылдағы әр күндеріңіз сәтті болсын! Келер жыл Қазақ Елі үшін толағай табыстарға толы, тарих жылнамасына жарқын әріптермен жазылатын жыл болғай!

БІЛІМДІ АДАМ ҒАНА ӨЗ ӨМІРІНІҢ ӘМІРШІСІ БОЛА АЛАДЫ

Абсатова Марфуға Абсатқызы Қорқыт Ата атындағы Қызылорда педагогикалық институтында «қазақ мектебіндегі орыс тілі мен әдебиеті» мамандығы бойынша білім алған 1995 жылғы түлек. Қазірде Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің Бас ғалым хатшысы. Кейінкерімізбен ұлттық құндылықтардың маңыздылығы тақырыбы төңірегінде сұхбаттасқан едік.

– **Марфуға Абсатқызы балаларыңыз қазақ мектебінде оқи ма, әлде орыс мектебінде?**

– Екі ұлымыз Нұрдаулет және Нұрсәт Білім-Инновация лицейінің түлектері, кенже ұлымыз Нұрасыл Алматы қаласы, Алмалы ауданы, Мәжит Бегалин атындағы №120 гимназиясында бастауыш қазақ сыныбында білім алады. Балаларымыздың қазақ мектебінде білім алуына себепкер болып, айтқанынан қайтпаған жолдасымның еңбегін айта кетуім керек. Себебі, өзім Арал қаласында орыс тілді мектепте білім алдым, ЖОО орыс тілі мамандығына түсіп, көзқарасым ұлттық сипаттан өзгешеулеу қалыптасқан еді. Дегенмен, жолдасым қазақ мектебінің түлегі, ана тілімізді құрметтейтін, еліміздің шынайы патриоты. Ең қарапайым мысал: маған ұялы телефонда WhatsApp желісіне «орысша жазба, тек қазақша жазсаң оқимын және жазғаныңа жауап беремін» деп шарт қойған.

Жалғасы 3 бетте



ЖЕТІСТІКKE ТОЛЫ ЖЫЛ

2023 жыл университет үшін өте олжалы, жетістікке толы жыл болды. Көштің басын мемлекеттік наградалармен марапатталған профессор-оқытушылар құрамы бастап тұр.

Атап айтқанда, Республика күні қарсаңында Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің профессоры, экономика ғылымдарының кандидаты, Мәскеудегі Педагогикалық білім беру халықаралық ғылым академиясының корреспондент-мүшесі, Білім беру ісінің құрметті қызметкері әрі үздігі, «Ерен еңбегі үшін» медалінің иегері, Ардагерлер кеңесінің төрағасы **Қазыбай Құдайбергенұлы** «Парасат» орденінің иегері атанды.

Сонымен қатар, айтыскер ақын, «Мәдениет саласының үздігі» төсбелгісінің иегері **Ыдырысов Серік Махмұдұлы** – «Ерен еңбегі үшін» медалімен марапатталды.

ҚР Президенті – Қазақстан халқы Ассамблеясының төрағасы **Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың** шешімімен Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің ғылыми жұмыс және халықаралық байланыстар жөніндегі проректоры, филология ғылымдарының кандидаты, Қазақстан халқы Ассамблеясы жанындағы республикалық ғылыми-сарапшылық кеңесінің мүшесі **Бөрібаева Майнұр Әбілтайқызы** Қазақстан халқы Ассамблеясының «Бірлік» алтын медалін иеленді.

Әріптесімізді мемлекеттік деңгейдегі марапатымен құттықтаймыз!

Сүйінші хабар!

Қазақстан бойынша жыл сайынғы 75 мемлекеттік ғылыми стипендияның 3-і Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің ғалымдарына бұйырды!

Мемлекеттік ғылыми стипендияның иегерлері: **Аппазов Нұрбол Орынбасарұлы** – «Инжинирингтік технологиялар» кафедрасының зерттеуші-профессоры, химия ғылымдарының кандидаты, профессор.

Тохетова Лаура Ануарқызы – «Аграрлық технологиялар» кафедрасының профессоры, ауыл шаруашылығы ғылымдарының докторы.

Талантты жас ғалымдарға арналған ғылыми стипендияның иегері **Ақылбеков Нұрғали Икрамұлы** – PhD, «Физика-химиялық талдау әдістері» инженерлік бейіндегі зертхана жетекшісі.

Ғылым жолындағы үздік көрсеткіштеріңіз әрқашан табысты болғай!

Соңғы жылдар бедерінде Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасына сәйкес әлемнің жетекші ғылыми орталықтарында отандық ғалымдардың кәсіби құзыреттерін дамыту мақсатында «500 ғалым» бағдарламасы жүзеге асырылып жатқандығы аян.

Бағдарлама аясында биыл қыркүйек айынан бастап университеттің 12 ғылыми қызметкері Ресей, Әзірбайжан, Германия, Ұлыбритания, Швейцария елдеріндегі жетекші жоғары оқу орындары мен ғылыми орталықтарында археология, физика, электр және жылу энергетикалары, су ресурстары, құрылыс және шетел тілдері мамандықтары бойынша бірлескен ғылыми зерттеулер жүргізуде.

Тағы да бір ақжолтай жаңалық, шетелде кадрлар даярлау жөніндегі республикалық комиссияның 2023 жылғы 20 желтоқсандағы шешіміне сәйкес университеттің 6 оқытушысы «500 ғалым» бағдарламасы бойынша шәкіртақы иегері атанды.

Нақтырақ, университет оқытушылары Қамар Бекетова, Серікхан Жүзеев, Есенжол Назаров, Гүлжас Тоқтағанова Ұлыбританияның Реддинг университетіне, Эльмира Байниязова Ресейдің Қазан федералды университетіне және Рахат Құрманбаев АҚШ-тың Иллинойс университетінде ғылыми тағылымдамадан өтетін болады.

Ақ жол, әріптестер!

Ұлу жылы туған ұлы тұлғалар

Бір мүшел сайын дүниеге келген кемеңгер Жер тұрғындарын ғаламшардың әр түкпірінен ондап, жүздеп табуға болады.

Бұл тізімді шығыстың шайқы шайыры Омар Хайям (1048) бастаса, атақты жазушы, детектив жанрының негізін қалаушы Эдгар По (1810), әйгілі қаламгерлер Льюис Кэрролл (1832), Дж.Р.Толкиен (1892), Иосиф Бродский (1940), Максим Горький (1868) де ұлу жылы туған ұлылар қатарынан.

Ал әлемнің жаратылысы мен тылсымына көз тіккен философтар арасынан «фашизмнің рухани атасы» Фридрих Ницше (1844), коммунизмнің «көкесі» Фридрих Энгельс (1820), Освальд Шпенглер (1880), Жан-Жак Руссо (1712), әйгілі Иммануил Кант (1724) осы жылы дүниеге келінті.

Саясатқа қатысы барлардың арасында өжет қыз Жанна д'Арк (1412), орыс патшасы Николай II Романов (1868), Америка президенті Авраам Линкольн (1810), Эрнесто Че Гевара (1928), көрші Владимир Путин (1952), Франсуа Миттеран (1916), Эдуард Шеварднадзедерді (1928) атауға болады.

Ұлу жылы туған саясаткерлер арасында Нұрсұлтан Назарбаев (1940) та бар. Әкежан Қажығелдин, Болат Атабаев, Мақпал Жүнісова, Ерлан Карин, Жұмабай Доспановтар да ұлу жылғылар.



Бұрынғы қариялар «алпыс бірдемін» немесе «жетпіс үштемін» деп емес, «бес мүшелге толдым», «алты мүшелден астым» дейді екен.

Адам қай жылы туылса, мінез-құлқы сол жылдың егесі саналатын жануардікіне ұқсас келеді дейді.

Бейбіт өмірді сүйетін, жайлы, тыныштықты жаны қалайтын, ақылды да зерек адамдар осы жылы туады деседі. Олар өзгелерден өмірлік күш-қуатымен, денсаулығының мықтылығымен ерекшеленеді. Бірақ бірбеткей, кез келген нәрсені бірден көңіліне алып қалады, қызба мінезді. Қоғамдағы ықпалы күшті болғандықтан оны көбі сыйлайды. Әдетте Ұлу жылғылар карьералық табалдырықтың биігіне ұмтылғыш және көздегеніне жетпей қоймайды. Екіжүзділік оларға тән емес. Бетін бар, жүзін бар демей, ойындағыны айта салады.

Жарқын, тартымды, әрі өзгелерге ұқсамайтын қасиеттерімен ерекшеленеді. Ерекше фантазиясы оларды кез-келген ортада даралап тұрады, Дәлірек айтар болсақ, өзіне сенімді. Өзін ұстауы мінсіз, әзілді де орынды айта біледі. Тіпті жиналған қауымды қызықты оқиғаларын айтып бір көтеріп тастайды. Олар 7 қырлы, бір сырлы жандар қатарынан.

Қызығушылықтары көп. Бір қызығы қазір бір іске ерекше құлшынып тұрса уақыт өте келе, ол басылып қалуы мүмкін. Үйреншікті дүниелер мен іш пыстырарлық жағдайлар оларды тез зеріктіріп тастайды. Жаңа нәрсені зерттеп, жаңа іспен жұмыс жасау оларға көбірек өтімдірек. Сонымен қатар, харизмасы, шығармашылық дарыны, өзіне деген сенімі оларды нағыз дана тұлға етеді.

Тағы бір қызықты дерек, ұлу жылы туылғандардың жолы болғыш келеді. Өзгелерге қиыншылықпен келетін нәрселер оларда жылдам, әрі оңай бола қояды. Бір жақсы қасиеті, өздеріне адамдар қанша қызықса да адамдарды өз пайдасына қолданбайды. Екіжүзділіктен аулақ жүреді. Ұнатқан адамын ұнайды, ұнатпағанын ұнамайды деп ашық айтады. Жеңіл істі де, ұтылуды да жеңіл қабылдай біледі. Ақша жұмсалса ертең басқа ақша келеді деп санайды. Ал, өмірлік қиындықтарды жеңіл қабылдамағанмен, қиыншылықтарды ерлікпен көтере біледі. Жан-жақты, ақылды, тартымды болғандықтан шынайылығына деген күмән ұлу жылғылардың үнемі артынан қалмайды. Мұндай күпірлердің сынағына сынататын ұлу жоқ. Кез-келгенді дереу өз орнына қойып, тіпті ойланбастан артық сөйлеп қоятыны бар.

Мамандыққа келер болсақ, олар кез-келген саланың нағыз маманы бола алады. Білімге құмар ұлу жылғы жандар өз өмірін сапалы, әрі ерекше ете түседі. Егер бар күшін нақты бір салаға бұратын болса сол саланы жарып шығары сөзсіз. Тіпті өзгелер мүмкін емес дейтін дүниелерді жүзеге асыруы да ғажап емес. Оларды аяқтан шалуға тырысатындар да жетерлік. Мұның бәрі олардың кәсіби маман, дара тұлға екендігін аңғартады.

Ақшаны «қолдың кірі» деп түсінеді. Қалай оңай жұмсаса, ақшаны олар солай оңай әрі тез табады.

Ұлу жылғы түлектер

Университеттің тарихын қалыптастыратын ақпарат құралы ретінде біздің оқу орнынан білім алған түлектер арасында да ел ішінде абырой биігіне көтеріліп жүрген ұлу жылғы түлектерімізбен таныстыра кеткенді жөн көрдік.


Жаңа жылдық тілек: Жаңа жыл Сіздер үшін зор жетістіктерге қол жететін, ой - мақсаттар жүзеге асатын, арман - үміттер ақталатын Жыл болсын!



Ильясова Айгүл Болатқызы 2009 жылғы «Есеп және аудит», 2013 жылғы «Экономика» мамандығының түлегі.

Қызметі: Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Ішкі мемлекеттік аудит комитетінің Сапаны бақылау басқармасының бас сарапшысы – мемлекеттік аудиторы.

Жаңа жылдық тілек: Құрметті оқытушылар мен студенттер! Сіздерді Жаңа жыл мерекесімен шын жүректен құттықтаймын! Жаңа жыл – жақсылыққа ұмтылып, жаңа жоспарлар айқындалатын ғажап мерекесі. 2024 жыл бақыт пен табысқа кенелетін, үміт пен тілектердің орындалатын жылы болғай! Баршаңызға еңбектеріңізге сәттілік, отбасыларыңызға амандық тілеймін!



Умарова Мария Болатқызы 2009 жылғы «Орыс тілі және әдебиеті» (бакалавриат), 2011 жылы «Орыс филологиясы» (магистратура) түлегі.

Қызметі: Қызылорда облыс әкімі баспасөз қызметінің бас маманы

Жаңа жылдық тілек:

Келіп жеткен ұлу жылы тың шығармашылық ойлар, биік кәсіби жетістіктер, керемет оң өзгерістер, жарқын кездесулер мен қуанышты оқиғалар, тамаша бастамалар мен оң шешімдерге толы жыл болсын!



Кудайбергенова Валентина Петровна 2009 жылғы «Орыс тілі және әдебиеті» мамандығының түлегі

Қызметі: «Orda School» мектебінің бастауыш сынып мұғалімі

Жаңа жылдық тілек:

Құрметті университет ұжымы, студенттер қауымы жаңа 2024 жыл құтты болсын! Алдағы жылда баршаңыздың денсаулығыңыз күйлі - қуатты, бақытыңыз баянды, көңіл - күйіңіз тамаша болсын. Ұлу жылы Сіздерді тек оң өзгерістерімен, ұмытылмас сәттерімен, қызықты кездесулерімен қуантсын.

Ұлу жылғы түлектерге шолу жасаған:

Маржан БАЗАРХАНОВА

«Korkyt Ata endowment»

корпоративтік қорының директоры

Ұлу туралы әртүрлі жорамал көп. Қазақтар бұл жылы астық, шөп мол болады деп жорамалдаған. Демек халық үшін жайлы, жұмсақ жылдар қатарынан орын алса керек.

Асылында, жыл санау - халық даналығының бір тарауы. Осы жыл санау арқылы он екі жылдан қайырып отырады да, оны «жыл қайыру» деп атайды. Бұл тәсіл өткен жылдарды есептеуге де, адам жасын анықтауға да өте ыңғайлы әрі тағылымы бар тапқырлық есептік жүйе.




Мырзабай Асқар Саматұлы «Ақпараттық жүйелердің қауіпсіздігі» мамандығы бойынша білім алған 2021 жылғы түлегі

Қызметі: «Рекрутинг және мансап» басқармасының маманы

Жаңа жылдық тілек:

Құрметті Қорқыт Ата университетінің ұстаздары мен білім алушылары! Есімізден енгелі тұрған 2024 жыл мерекелі, берекелі болып, мерейлеріңіз үстем, беделдеріңіз биік, абыройларыңыз асқақтай берсін! Жаңа Жыл – бірлік пен татулықтың жылы болсын!



Алдабергенова Гаухар Айтмағанбетқызы «Музыка-педагогикалық» факультетінде «Педагогика - психология» мамандығының түлегі

Қызметі: Қызылорда қаласының №2 психологиялық-педагогикалық түзету кабинетінде

психолог.

Университет ТОП-10 үздіктер қатарында

Жылды қорытындылар тұста Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің Басқарма төрағасы-ректоры Б.С.Каримова өз есебін жасады. Жиын барысында аймағымыздағы іргелі оқу орнында атқарылған және алдағы уақытқа жоспарланған жұмыстар барысы баяндалды.

Университет алғаш рет үздік QS World University Ranking университеттерінің беделді рейтингіне енді.

Аккредиттеу және рейтингтің тәуелсіз агенттігі (НААР) өткізетін сұранысқа ие жоғары оқу орындарының ұлттық рейтингі қорытындысы бойынша университет 7-ші орында. Университеттің 20 БББ үздік үштікке енген.

2022 жылғы «Атамекен» ҰКП рейтингінде 36 БББ-ның 9-ы ТОП-10-ға кірді.

2022 жылы университет Аккредиттеу және рейтинг тәуелсіз агенттігінен (АРТА) халықаралық институционалды аккредиттеу рәсімінен 5 жыл мерзімге (2027 жылдың желтоқсанына дейін) сәтті өтті. 107 БББ-да АРТА-ның мамандандырылған аккредиттеуінен өткендігі туралы куәліктері бар.

Қорқытты таңдаушылар қатары көбеюде

2023-2024 оқу жылында білім алушылар контингенті 2 есеге артты, мемлекеттік білім гранты негізінде оқитын білім алушылар саны 3,7 есеге өсті.

4 жаңа білім беру бағдарламасы даярланып, «ҚР Білім беру бағдарламаларының тізіміне» тіркелді: 2 БББ бакалавриат бойынша (6В04104-Менеджмент. Маркетинг. Сату, 6В07189-Автоматтандыру және басқару) және 2 БББ магистратура бойынша (7М01518-География, 7М04245-Азаматтық құқық және азаматтық сот өндірісі).

Корей Республикасы үкіметінің қаржыландыруымен Сеул Ұлттық ғылым және технологиялар университетімен бірлесіп 2023-2027 жылдарға арналған «IT-кафедраларды қайта құрылымдау және жасанды интеллекттің жаңа мектебін құру» жобасы жасалып, университетте «Жасанды интеллект және информатика» жоғары мектебі ашылды.

Өткен оқу жылымен салыстырғанда университет тарапынан білім алушылардың оқу ақысына жасалған жеңілдіктер көрсеткіші артуда.

Шетелдік университеттермен әріптестік нығаяуда

Университетте шетелдік жоғары оқу орындарымен бірлескен 6 білім беру бағдарламасы жүзеге асырылуда:

- Каннам Университетімен (Корей Республикасы): Шетел тілі: екі шетел тілі (бакалавриат);
- Ұлттық зерттеу «Томск политехникалық университетімен» (РФ): Бейорганикалық заттардың химиялық технологиясы (магистратура) / Технологиялық машиналар мен жабдықтар (магистратура) / Экология және табиғи ресурстар (магистратура);
- Қытай мұнай университетімен (КХР): Технологиялық машиналар мен жабдықтар (бакалавриат);
- Дубна Университетімен (РФ): Физика (магистратура) БББ.

2023 жылдың наурыз айында жасалған ынтымақтастық туралы меморандум негізінде «Ташкент ирригация және ауыл шаруашылығын механикаландыру инженерлері институты» Ұлттық зерттеу университеті бірлескен 6 БББ келісім жасалды (Кадастр, Жерді мелиорациялау, баптау және қорғау, Экология, Өміртіршілігінің қауіпсіздігі және қоршаған ортаны қорғау (Техносфералық қауіпсіздік), Электр энергетикасы (Жаңартпалы энергетика), Есеп және аудит).

Алдағы оқу жылында:

- Жүсіп Баласағұн атындағы Қырғыз ұлттық университетімен;
- Максим Танк атындағы Беларусь мемлекеттік педагогикалық университетімен;
- Өзбекстан мемлекеттік әлем тілдері университетімен;
- Ресей халықтар достығы университетімен;
- Сельчук университетімен бірлескен/қос

дипломды білім беру бағдарламаларын даярлау жоспарлануда.

Өндірістік тәжірибе аясы кеңейе түсуде

Өндіріспен байланыс:

- 38 БББ бойынша дуалды оқыту элементтері енгізілді, 3124 білім алушы орта мектептерде практикадан өтуде;
- Білім алушылардың өндірістік практикадан өтуін және жұмысқа орналасуын қамтамасыз ету мақсатында өндіріс орындарымен, мекемелермен 81 меморандум жасалды;
- 75 білім беру мекемелерімен келісім-шарт жасалды;
- 58 практик-маман оқыту үдерісіне тартылды;
- Кафедралардың өндірісте 98 филиалы ашылды;
- Түлектердің жұмысқа орналасуы – 85% құрады.

Тұлғалық даму-басты талап

Университетте білім алушылардың академиялық ұтқырлық бағдарламасы белсенді дамып келеді. Оқу жылында академиялық ұтқырлық бағдарламасы бойынша 239 студент еліміздегі басқа ЖОО-на барып білім алса, республиканың жоғары оқу орындарынан 206 студент біздің университетке оқуға келді.

Республикамыздың басқа ЖОО-да ішкі академиялық ұтқырлық бағдарламасы негізінде білім алушыларымыздың оқуы, олардың тұлғалық жан-жақты дамуына, жаңа ортамен ғылыми бағытта байланыс жасауына және білім тәжірибесімен алмасуға үлкен мүмкіндіктер ашуда. Бүгінгі таңда Академиялық ұтқырлық бағдарламасы бойынша 50 отандық білім беру орындарымен келісім-шарт негізінде жұмыстар атқарылуда.

Интернационалдандыру саясатын жүзеге асыру мақсатында университет сыртқы академиялық ұтқырлық бағдарламасын жүйелі түрде іске асырады. Атап айтатын болсақ, 2022-2023 оқу жылында 18 білім алушы Европаның Лодзь (Польша) және Ховест қолданбалы ғылымдар университетінде (Бельгия) білімдерін шыңдап келді.

Сондай-ақ, 2023-2024 оқу жылының бірінші академиялық кезеңінде 44 білім алушы Хубей (ҚХР), Каннам (Оңтүстік Корея), Лодзь (Польша), Сельчук (Түркия) жоғары оқу орындарында ұтқырлық бағдарламасы бойынша білім алуы жалғастыруда.

Жаңашылдық-уақыт талабы

Coursera онлайн-оқыту платформасы білім беру ресурстарының үлкен кітапханасын ұсынады, әсіресе бизнес және информатика салаларында. 2022-2023 оқу жылына ҚР ҒЖБМ-мен бакалавриаттың 19 БББ, магистратураның 4 БББ бойынша COURSERA халықаралық платформасын қолдануға 500 лицензиясы берілді.

500 білім алушы 200-ден аса курстар мен дағдылар бойынша 811 сертификат алды.

Ең көп сертификат алған білім алушымыз «Су ресурстары және суды пайдалану» БББ магистранты Утегенова Гүлнафизиді COURSERA бас атқарушы директоры Джефф Маджонкальд дипломмен марапаттады.

Университет пен «Қызылорда қаласының жұмыспен қамту орталығы» «Бакытты отбасы» бөлімінің жұмысы аясында бірлесе отырып, іс-шаралар ұйымдастыру мәселесі бойынша өзара ынтымақтастық туралы МЕМОРАНДУМ жасалып 8 курс ұйымдастырылды.

1. 2022-2023 оқу жылында 87 тыңдаушы Күміс университеті аясында біліктілік арттыру курсынан өтті. Қазіргі таңда жалғасын табуда.

2. KIDS – жас өспірімдер университеті бойынша 2022-2023 оқу жылы барысында 72 тыңдаушы ағылшын тілінен біліктілік арттыру курсынан өтті.

Ағылшын тілі деңгейлері:

- A1 (Beginner, Elementary) бастапқы деңгей
- A2 (Pre-Intermediate) бастапқы деңгейден жоғары деңгей
- B1 (Intermediate) ортаңғы деңгей бағыттарында курстар жүргізілуде. Қатысуға талабы бар

оқушылар, студенттер болса есігіміз ашық.

ЖОО-да күміс университетінің моделі дамуда, оның шеңберінде 14 курс (Цифрлық сауаттылық (E-gov, e-otinish, e-salyk); SMM және әлеуметтік желілер; «Ағылшын тілі» Тайм менеджмент; Қаржылық сауаттылық (fingramota.kz); Құқықтық сауаттылық; Хореографиялық өнер негіздері (вальс, танго); Арт-терапия; Позитивті ойлау; Дағдарысты басқару; Эмоционалды интеллект; Өзгерісті өзіңнен баста!; Қарым-қатынас психологиясы; Араб тілі курстары) ұйымдастырылып, 223 адам оқытудан өтті.

2020-2023 жылдар аралығында 114 курс ұйымдастырылып 3735 тыңдаушыларға білім беру қызметі көрсетіліп, сертификаттар табысталды.

Ғылым дамыса, өмір жақсарды

Университеттің 3 ғалымы «ЖОО-ның үздік оқытушысы-2022» (ҚР ҒЖБМ) байқауының жеңімпазы атанды.

2022 жылдан бастап ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасы бойынша жыл сайын «Болашақ» бағдарламасы аясында 500 қазақстандық ғалым әлемнің жетекші ғылыми орталықтарында тағылымдамадан өтуде.

Университет ғалымдары «500 ғалым» жобасы аясында әлемнің жетекші ғылыми орталықтары мен жоғары оқу орындарында, атап айтсақ, АҚШ, Германия, Ұлыбритания, Швейцария, Ресей, Беларусь, Әзірбайжан мемлекеттерінде тәжірибеден өту үшін жолдама алған болатын. 2022 жылы 6 ғалым тағылымдамадан өтсе, 2023 жылы 13 ғалым жоба жеңімпазы атанды. 2024 жылға 6 ғалым іріктеуден өтті

Университет ғалымдары өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына үлесін қосу мақсатында гранттық және халықаралық жобаларды жүзеге асыруда. Университетте жалпы ғылымды қаржыландыру көлеміне тоқталатын болсақ ғылымнан түскен табыс жылдан жылға ұлғайып келеді.

Биыл ғылыми жұмыстан түскен қаржы 5,4 есе өсті.

2022 жылы 17 жоба орындалған болса, 2023 жылы жалпы 26 ғылыми жоба орындалуда.

Сонымен қатар, Нова Лиссабон университеті (Португалия) және Неміс гуманитарлық зерттеулер қорымен (Германия) орындалған 2 халықаралық жобада Қазақстан тарапынан университет ғалымдары профессор-зерттеуші, химия ғылымдарының кандидаты Н.О.Аппазов пен философия докторы Ә.Ә.Тажекеев жетекшілік жасады.

Мичиган университеті (АҚШ), Ховест қолданбалы ғылымдар университеті (Бельгия), Люблина университеті (Словения) және AceSYRI Erasmus+ EU орталықтарымен біріккен 4 халықаралық білім беру жобасы жүргізілді.

Тағы айта кетер қуанышты жағдай – университеттің 3 ғалымы Ұлттық ғылыми кеңестің құрамына кірді:

- Агроөнеркәсіптік кешенді тұрақты дамыту және ауыл шаруашылығы өнімінің қауіпсіздігі бағыты бойынша ауыл шаруашылығы ғылымдарының докторы, профессор Тохетова Лаура Ануарқызы
 - Су ресурстарын, жануарлар мен өсімдіктер әлемін ұтымды пайдалану, экология бағыты бойынша химия ғылымдарының кандидаты, профессор Аппазов Нурбол Орынбасарұлы
 - Жаратылыстану ғылымдары саласындағы ғылыми зерттеулер бағыты бойынша химия ғылымдарының кандидаты Ақылбеков Нұрғали
- 2021 жылдан бастап 40 жасқа дейінгі жас ғалымдарды қолдау мақсатында 10 млн тенге көлемінде ректор гранты конкурсы енгізілген болатын. Нәтижесінде 2021 жылы 4 жоба ұтқан болса, 2022 жылы 6 жоба жеңімпаз аталды. 2023-ші жылы?

Университетте ғылыми-педагогикалық кадрларды дайындау мақсатында 3 Диссертациялық кеңес жұмыс істейді: (Педагогика және психология; Тіл және әдебиет мұғалімдерін даярлау; Сәулет және құрылыс)

2019 жылдан бастап 18 диссертация қорғалды. «Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің Хабаршысы. Ауыл шаруашылығы ғылымдары» сериясы ҚР ҒЖБМ шешімімен Ғылыми еңбектің негізгі нәтижелерін жариялау үшін ұсынытын ғылыми басылымдар тізбесіне енген. 2023 жылы ғылыми журналдар ребрендингтен өтті:

Нәтижесінде 8 бағыттағы ғылыми журнал ҚР Ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінде қайта тіркеуден өтті:

1) «Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің Хабаршысы. Ауыл шаруашылығы ғылымдары» сериясы;

2) Chemistry and Chemical Technology Journal;

3) Biological Sciences Journal;

4) Philological Sciences Journal;

5) Математика, физика және информатика-ны оқытудың өзекті мәселелері

6) Техника ғылымдары және технология;

7) «Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің Хабаршысы. Педагогика және психология» сериясы;

8) «Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің Хабаршысы. Экономика ғылымдары» сериясы

Озық тәжірибе – оңтайлы әдіс

Есепті кезеңде оқу процесіне Түркия, АҚШ, Канада, Оңтүстік Корея, Швейцария, Болгария, Венгрия, Сербия, Ресей, Беларусь, Украина, Өзбекстан елдерінен 25 ғалым мен оқытушы тартылды. Шетел тілін жоғары деңгейде үйрету мақсатында жыл сайын шетел тілі еріктілерін шақырту шарасы да жүйелі түрде жүріп отырады.

2022-2023 оқу жылында корей тілінің екі еріктісі Кәріс мәдениет орталығынан және ағылшын тілінің бір еріктісі Фулбрайт бағдарламасы аясында шақыртылып, аталған тілдер бойынша дәрістер оқып, тіл бойынша қосымша курстар мен үйірмелер ұйымдастырды. Биылғы оқу жылында еріктілер өз қызметтерін жалғастыруда.

Мықтылық мұратсыз келмейді

Университетте спорттың 13 түрінен: шахмат, волейбол, баскетбол, футбол, тоғызқұмалақ, бокс, пауэрлифтинг, жүзу, фитнес, күрес, теннис, киберспорт, спорттық би секциялары жұмыс жасайды.

Жыл сайын өткізілетін Республикалық Студенттер лигасына университет студенттерінен құралған командалар спорттың 7 түрінен (баскетбол, волейбол, футбол, үстел теннисі, тоғызқұмалақ, қазақша күрес, шахмат) тұрақты қатыстырылып, жүлделі орындар иеленуде.

Университетте Әлем чемпионатының – 9, Азия чемпионатының – 23, Қазақстан чемпионатының – 125 жеңімпазы мен жүлдегерлері бар.

2023 жылғы ЖОО арасындағы жазғы универсиадаға спорттың 16 түрінен 120 білім алушы қатысты. Жалпыкомандалық есепте университет спортшылары 9 орынды иеленіп, 37 медаль (Алтын-7, Күміс-8, Қола-22) қоржынға салды. Қатысушылар университеттің арнайы спорттық киімдерімен толықтай қамтамасыз етілді.

Университет студенттері Асыл Серікбай мен Гүлдана Сауранбек «Қазақстан Республикасының Үздік Студенті» республикалық байқауының жеңімпаздары атанды.

Белсенді жастардың шығармашылық ортасын қалыптастыру және олардың бастамасына мемлекеттік қолдау көрсету мақсатында ұйымдастырылған «Тәуелсіздік ұрпақтары» байқауында студенттеріміз Әділхан Досым мен Тұрсынбай Елдос 600 мың теңге грант жеңіп алды.

«Ақиқат» саяси пікірсайыс клубының мүшелері Түркістан қаласында өткен республикалық турнирде жеңімпаз атанды.

Республикалық Алматы Ашық лигасының жартылай финалдық сайысында университеттің «Q құрамасы» үздік өнер көрсетіп, финалдық ойынға жолдама иеленді.

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің ұйымдастыруымен өткен жыр додасында университет студенті Жамбыл Бақытәліұлы «Менің пірім-Сүйінбай» атты халықаралық жас ақындар айтысында ІІІ орын иеленді.

«CHEVRON» компаниясының ұйымдастыруымен өткен «Sustainability Living Lab» жобалар сайысында университет студенттері Темірлан Абжанов пен Саят Уриқбаев 2 млн 600 мың теңге грант жеңіп алды.

Жастар арасында стартап жобаларды дамыту үшін оқу орнында Kuzylorda Hub бизнес-инкубаторы жүйелі жұмыс жүргізіп келеді. Қазіргі таңда Kuzylorda Hub бизнес-инкубаторы Астана Хаб халықаралық технопаркінің және Google корпорациясының Қызылорда облысы бойынша өңірлік дамытушы орталығы атанды. Қазіргі таңда Samsung және Apple компанияларымен келісім сөздер жүргізілуде. Бұл жұмыс нәтижесі аймақтағы инновациялар саласының дамуына алып келетініне толық сенім бар.

Заманына қарай жабдығы

Университетті цифрландыруға келетін болсақ, 2020 жылдан бастап инфрақұрылымға жүйелі түрде инвестиция салу және компьютерлер жүйесін жаңартып, интернет желісі жылдамдығының сапасын арттыру жүргізілуде.

- Соңғы үш жылда университетіміздің IT-инфрақұрылымының дамуына 777,9 миллион теңге жұмсалды.

- Жалпы сомасы шамамен 32.6 миллион теңгеге толық автоматтандырылған «Платонус» ақпараттық жүйесі мен серверлік инфрақұрылым сатып алынды.

- Өткен жылы автоматтандырылған salemooffice ақпараттық жүйесі арқылы мемлекеттік органдармен құжат алмасу барысын 19,5 миллион теңгеге сатып алып, құжат айналым жүйесі цифрландырылды.

- Сондай-ақ, оқу ғимараттарындағы қауіпсіздікті күшейту мақсатында кіру жүйесін face ID жүйесіне жаңартып, 34 млн 200 мың теңгеге турникет жүйесі сатып алынды.

Қосымша IP камералар орнату және оларды орталықтандырылған бейнебақылау жүйесіне қосу арқылы университеттің аймағы бойынша қауіпсіздік қамтамасыз етілді.

Университетте жалпыға ортақ Wi-Fi нүктесі арқылы Интернетке қосылу жылдамдығы секундына 800 МБ-қа дейін ұлғайтылды және бұл Wi-Fi тарату құрылғы саны да 45 данаға көбейді. Қазір оқу ғимараттарының аумағының 70%-ы сымсыз желімен қамтылды, яғни біздің оқу үдерісіміздің студенттерге ыңғайлы болуы үшін бөлек Wi-Fi желісімен қамтамасыз етілген, олар оны сабақтан тыс уақытта пайдалана алады.

Білім-табыстың төте жолы

Университеттің қаржылық жағдайы тұрақты. Жоғары оқу орнының кірісі жыл сайын артып келеді (2020 жылмен салыстырғанда кірістер 2,6 есе өсті). Тиісінше, шығындар да өсуде.

Табыстың өсуі оқытушылардың жалақысын жыл сайын 25%-ға арттыруға мүмкіндік берді. Осылайша, бүгінгі таңда ПОҚ жалақысы 2019 жылмен салыстырғанда 3,6 есе өсті.

Жыл сайын аудиториялар мен зертханалық кабинеттерді жабдықтауға бөлінетін қаражат артып келеді. 2023 жылы материалдық базаны дамытуға 569 миллион теңге жұмсалды, бұл 2021 жылмен салыстырғанда 3 есе көп.

Университетте оқу аудиториялары үшін парталар мен орындықтарды қалпына келтіретін, кеңсе жиһаздарын жасайтын оқу-өндірістік жиһаз цехы ашылды. Заманауи тігін, оверлок машиналарымен жабдықталған университеттің тігін цехы перделер, креслолар мен орындықтарға арналған қаптамалар, білім алушыларға арналған мантиялар тігеді.

№9 оқу ғимаратында жаңа футбол алаңы ашылды.

Сонымен қатар дене шынықтыру және бастапқы әскери дайындық БББ - ның оқу процесіне қажетті құрал-жабдықтар алынды.

Университет инфрақұрылымын дамыту үшін демеушілерден қаражат белсенді тартылуда. Демеушілер есебінен 4 аудитория жабдықталды:

1. О.Козбеков атындағы Әдебиет теориясының аудитория;

2. Профессор Жақсыбек Егізбаевтың атындағы аудитория;

3. Ұлжан Жанбершиева атындағы Қазақ әдебиеті тарихының аудитория.

4. Профессор Дуйсен Нұрымовтың

атындағы аудитория.

Білімдіге дүние жарық

Университет бүгінгі таңда тек білім беретін мекеме емес, Қызылорда облысының экономикалық дамуына серпіліс беретін драйверіне айналуы кездейсі.

Соның бірі Экология бағыты бойынша Оңтүстік Корея елі, Шинхан Университетімен өңіріміздің экологиялық саласын зерттейтін үлкен ғылыми лаборатория ашылды. Лаборатория негізінде Оңтүстік Кореяның экология саласындағы үздік шешімдері трансляция жасалмақшы.

Қызылорда облысында алдағы жылдары су тапшылығы сезіледі деген болжам бар. Әлемдегі осы мәселені шешуге арналған үздік жобалармен танысып, олардың тәжірибесін әкелу мақсатында Ташкент ирригация және ауыл шаруашылығын механикаландыру инженерлері институтымен бірлескен бағдарламалар жүзеге асырылуда. Университетіміздің «Физика-химиялық талдау әдістері» ғылыми-зерттеу лабораториясы ғылыми жобалары мен коммерцияландыру саласындағы жобалары өңіріміздің мәселелерін шешу бойынша актуалды бағыттар болса, Бағдарламалық-Нысаналы Қаржыландыру бойынша «Қызылорда облысында су тапшылығы жағдайында Жемшөп дақылдары мен ағаш екпелерін суару үшін сарқынды суларды қауіпсіз кәдеге жарату технологиясын әзірлеу» тақырыбындағы ғылыми жоба, суды үнемдеу, қайта қолдану бойынша шешім шығарады.

Оңтүстік Корея елінің Шинхан Университеті Қазақстандағы университеттерді саралай отырып, креативтің ошағы ретінде, осы саладағы мамандықтар ашуды жоспарлауда. Бұл жобаның мақсаты: 10 жылдан кейін пайда болатын жаңа мамандықтарға қазірден бастап ортаны дайындау. Осыған байланысты, бүгінгі таңда университет ғалымдары Қызылорда өңіріне алдағы 15-20 жылда керек болатын жаңа мамандықтар атласын жасауға кірісіп кетті.

- Бүгінгі заманның білім беру жүйесі үлкен өзгерістерге ұшырап жатыр. Ұжымдап оқыту емес, әр баланың өзінің қабілеті мен өзгешелігіне мән беріп, даралай білім беру концепциясы іске асырылуда. Білім беру жүйесінің негізгі мақсаты – балада адамгершілік қасиетті дамыту. Осыған орай, университетіміздің ғалымдары Беларусия елінің ғалымдарымен бірге адамгершілік педагогикасына негізделген жаңа бағытта жұмыс жасайды.

Чехия елінің Палацкий университетімен бірге дұрыс тамақтану мен Салауатты өмір салтын ұстану бағыттарына мамандарды дайындау бойынша жұмыстар жүргізіледі.

Өзбекстан мемлекеттік өнер және мәдениет институтының Ферғана аймақтық филиалымен бірге рухани дәстүрлерімізді Шетелге таныту бағыты мен қайта жандандыру бағытында байланыстар жасалуда.

Ұлыбритания елінің Саффолк университеті мен Change School білім беру мекемесімен бірге отырып, британдық кәсіпкерлік білім тәжірибесін Қызылордаға әкелу мақсатында Бизнес және кәсіпкерлік Жоғары Мектебін ашу жоспарлануда.

- Оңтүстік Кореяның білімге құйған инвестициясы негізінде ашылатын Сеултехтің білім мазмұны стандарттарына сәйкес дәріс беретін Корея елінен келетін профессор оқытушылар болмақ. Білім процесіне керек барлық құрал-жабдықтар, осы Корея елінен жеткізіледі. Бұл тек Қызылорда өңірі емес, Қазақстанның IT ғылымына серпіліс берері сөзсіз. Қызылорданың креативті экономикасын дамытудағы бір саласы осы IT болса, Қорқыт Ата университеті АҚШ та кремний алқабы сияқты, Қызылордада SYR Valley – Қызылорда облысының ақпараттық технологиялар алқабын қалыптастыруды бастап кетті.

Университет жанындағы Агробиологиялық орталығы «Ботаникалық бақ» болып, облыс Әкімшілігімен бірлесе отырып халықтың игілігіне пайдалы демалыс орнына айналмақшы.

Жаңа оқу жылының негізгі міндеттері айқын. Ол академиялық саясат пен әлеуметтік-тәрбие жұмысын дамыту, ғылыми-зерттеу жұмысы мен халықаралық байланыстарды әрі қарай дамыту, университеттің цифрландыру және материалдық-техникалық базасын нығайту.

Бағытымыз анық, мақсатымыз айқын!

Кеңестік кезеңдегі «октябрат», «пионер», «комсомол», «коммунист» ұғымдары қазір бір сөзбен айтқанда «ТОП» мағынасымен ауысты. Заманына қарай адамы және тілі де өзгеріске түсетіні, уақытқа бейімделетіні бүгіндері ешкімге таңсық емес. Олай болса, газетімізде оқу орындағы белсенді жастарды «ТОП 10 студент» айдарында таныстырмақ ниеттеміз.

Ендеше, біздің сауалдарымызға ТОП студенттеріміздің берген жауаптарын назарларыңызға ұсынамыз.

1. ТОП студенттер қатарын толықтыруға қандай артықшылықтарың көмектесті деп ойлайсың?

2. Университетке алғаш келген кезден, бүгінгі қалыптасқан студенттің айырмашылығы қандай?

3. Көшбасшы болуға сізді жігерлендіретін не?



ВТПО 22-1 оқу тобының студенті Шохан Бодубай

1. Менің топ студент болуымның бірінші себебі, ол отбасымның қолдауы. 1 курста өзімнің алға қойған мақсатым Инженерлі технологиялық институтында өз орнымды нақтылап алу болды. Әрине, ол оңай болмады. Сабақтан тыс қоғамдық

шараларға қатысу үшін ерте келіп, кеш қайтуға тура келетін уақыттар көп кездеседі. Күні бойы сыртта жүретінімді үйдегілер де құптамады. Белсенділіктің нәтижесінде алғыс хаттар алып, соңына дейін жетемін-деген мақсатым алға сүйреді. Қазірдің өзінде институттағы активист студенттердің қатарында екеніме мақтанамын, жауапкершілігі жоғары, әрине. Бірақ мен үшін еңбегімнің жемісі деп түсінемін және өзіме ұнайды.

2. Алғаш келгендегі Шохан өз ортасын таппай жүрген, кабинетті шатастырып ешкіммен шаруасы жоқ, өзімен-өзі, дәріс аяқтала салысымен үйге қайтатын, таныстары жоқ болатын. Ал, қазіргі таңда ИТ Институтының көпшілігі танытын, достарының ортасында беделді, күнделікті қызықты студенттік ортадан өз орнын белгілеп алған белсенділердің бірімін. Отбасымның маған үнемі қолдау білдіріп, менімен мақтанатындай дәрежеде жүргеніме қуанамын.

3. Көшбасшылыққа жігерлендірген өзім оқитын институттың белсенділер құрамы және Жаннұр болды. Бүгінде институттың студенттік кеңес төрағасының орынбасары болуыма да солар себепші. Ол мен үшін де, ата анам, әжем үшін үлкен мақтаныш.

Ж-21-1 оқу тобының студенті Ардақ Бақыт

1. Топ студент қатарын толықтыруға активисттік өмір және бастысы мобилография көмектесті. Себебі, көп адам видео-фото түсіргенімен оны басқаша қырында түсіну, әрі бейнені өзгеше көре білуге мән беріп жатпайды. Бұл істі сүйіп жасағандықтан орнымен қолдана білдім. Және студенттерге инстаграммен дұрыс жұмыс жасауды үйретуден жалықпаймын. ТОП болуға осы қасиеттерім көмек болған шығар.



2. Студенттік өмірге алғаш келген кезде мобилографияны енді ғана бастап оқып жүрдім. 2-ші курстан бастап, қолға алып, кірісіп жұмыс ретінде қызығушылығым арта түсті. Қазіргі кезде жұмыс, сабақ, белсенділік өмірге барынша үлгеріп жүрмін. Биыл студенттерге мастер-класс өткізуді жоспарлап отырмын. Инстаграм желісі қарқынды дамыған сайын біздің сала да жетіле түсуде. Қазір менде бәрі бар, сүйікті ісім, нақты мақсаттарым, белсенді ортам т.б.

3. Көшбасшы болуға мені жігерлендіретін топпен жұмыс жасап, барлығын айналысатын іспен қамтамасыз етіп, өзіміздің топтық брендті дамыту

«ArdaqFilms» деген топты жан-жақтан естіген сайын өзім ерекше қуаныш сезімге бөленемін.



ПП-20-1 оқу тобының студенті Айгерім Әли

1. Қазіргі таңда 4-ші курс студентімін. «Педагогика және Дәстүрлі өнер» институтының студенттік кеңес төрағасының орынбасарымын. Мамандығым - “Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі”, яғни - педагог.

Барлық тығырықтан шығатын жол бар, тек оны ізденіс арқылы таба білу керек. Кез-келген ортада ұйымдастыра білу мен барлық жағдайға мән беріп қарау арқылы өз ерекшелігімді аша білдім деп ойлаймын. Мүмкін емес жағдайларда тек алға сүйреп, “мүмкін еместі мүмкін ету” - менің сүйікті ісім. Барлық жұмысты үйлестіре білу арқылы, ешқашан еш жерде қапы қалған емеспін.

2. Студенттік өмір маған білім алумен қатар белсенділікті бірге алып жүруіме себепкер болды. Университет табалдырығын аттағаннан бастап, менің өмірге деген көзқарасым 180 градусқа өзгерді деп айта аламын. Себебі, мектепте тұйық оқушылар қатарында болып, тек өзіме керек кезде ғана ашылып, белсенділік танытып жүретінмін. Университет өзімді жақсы қырынан ашу жағынан үлкен үлесін тигізді. Қазіргі таңда өзім үшін ғана емес, өзгелер үшін де жұмыс жасап үйрендім. Сабаққа ғана көңіл бөлмей, барлық жағынан дамуға, барлық жұмысқа үлгеруге, жеке өміріме де уақыт табуға тырысамын. Бір күнімді алдын-ала жоспарлап, барынша бос уақыт қалдырмаймын.

Адамдармен қарым-қатынасым өте жақсы деңгейге көтерілді. Ортамызға жаңадан қосылған студенттерімізді бізбен тез араласып кетсін деген ниетпен күтіп алып, барлық жағынан қолдау көрсетуге тырысамын.

3. Көшбасшы – кез-келген ортада белсенді және жетекші роль атқаратын тұлға. Сол қасиеттің бойымнан табылғанына қуаныштымын.

ТОП-10 СТУДЕНТ

Көшбасшы ретінде мені әрдайым қолдап, көмек беретін студент-достарым. Кез-келген жағдайдан бірге жол тауып шығу үшін, әрдайым кеңесіп отырамыз.

Қызығы мен шыжығы мол студенттік өмір сыйлағаны үшін университетіме алғысым шексіз!

Бітіруші түлек болғандықтан, әрине әлден қимастық сезімі бар. Бірақ өмір мұнымен тоқтап қалмайды. Алдағы уақытта жұмыс жасау барысында осында көріп-білген, үйренгендерімді тиімді қолданамын деп айта аламын.



Х6-20-1 тобының студенті Гүлназ Оңғар

1. Ең алдымен ол өзіме сенімділігім. Өзіне сенімділік артқан сайын барлығына қол жеткізесің және табандылық, айтқанымнан қайтпайтын қасиетім.

2. Бастайайрмашылық барлығын жеңіл қабылдауды үйрендім және жауапкершілік арта түсті.

3. Оқытушыларым маған үнемі жігер береді, ол кісілердің тынымсыз еңбектерін қарап отырып, бойыма бір күш-қуат пайда болатын сияқты.



Б-20-1 оқу тобының студенті Феридэ Ергешбаева

1. Қызығушылық. Еңбекқорлық. Тапқырлық және табандылық. Үнемі өзімді жетілдіру қабілеті, оқуға деген ұмтылыс, мақсат қоя білу.

2. Бастапқыда бейімделу және үйрену қиын болды. Бірақ әрқашан оқуға да, студенттік өмірге бейімделуге де көмектерін аямаған керемет оқытушылардың арқасында мен елеулі жетістіктерге қол жеткізіп келемін.

3. Күш беретін де, жігерлендіретін де алдыма қойған мақсаттарым



Э-22-1 оқу тобының студенті Динара Нағмадинова

1. Топ студент ол ең алдымен тәуекелшіл болуды керек етеді, оған қоса өз ойыңды өз ісінді қорықпай, әрі нақты айтып өзінді көрсете білудің арқасында өзгелерден өзгеше бола аламыз.

2. Алғаш рет келгенде жаңа ортаға жаңа қоғамға бірден үйренісіп кету әрине, оңай емес. Бірақ 1-ші курсқа келген сәттен бастап-ақ өзімнің күш қуатымды энергиямды ғылыми жобаларға, сабаққа және университеттің ішпараларына арнадым. Қазіргі таңда оқумен қатар, жастар белсенділерінің ортасында өз орным бар. Мақсатым – бізден кейінгі

жас студенттерге өзім меңгерген жақсы қасиеттерімді, іскерлігімді үйретіп табыстау.

3. Күнделікті режим ең алдымен таңдаған мамандығымды жақсылап меңгеру. Өйткені, менің жарқын болашағымның бастамасы осы мамандығым болады деп ойлаймын. Үлкендер айтатын тәмсілге сүйенсек, егер есті кісілер қатарында болғымыз келсе, күніне кем дегенде бір мәрте өзімізден есеп алуымыз қажет. Дұрыс ой түйю, өзіңе қажет дүниені таңдай білу, қабылдау, тапқыр шешім - өмірдегі зор жетістіктер бастауы.



МО-20-1 оқу тобының студенті Іңкәр Тілектес

1. Университетте активист болумен қатар сабақты да жақсы оқимын. Конкурстарға да қатысып, 4-ші курсқа дейін көптеген жүлделі орындарды иелендім.

2. Университет 4 жылдың ішінде мені жақсы жағынан өзгертті. Шешім қабылдай алатын, болашақтан үміті зор Іңкәрға айналдым.

3. Көшбасшы болу, көшті бастау - үлкен мәртебе. Басқалардан жоғарымын демеймін, бірақ ерекшеленіп тұру маған ұнайды.



Ая-21-1 оқу тобының студенті Ақниет Арысова

1. Университетке ең алғаш келгенде жас түлектерді, яғни 1-ші курс студенттерін оқытушы-ұстаздар, жоғары курс студенттері жылы шыраймен, жақсы лебізбен қарсы алды.

Сол кезде бізге студенттер сарайында белсенді студенттер тобы керемет кеш ұйымдастырды. Концертті көріп, мен де белсенді студенттер қатарына қосыламын - деп шешім қабылдадым. Себебі, маған сол концерт жақсы әсер етті. Содан бері 3 жыл қатарынан белсенді студенттер қатарындамын. Барлық іс-шараларға, концерттерге атсалысып қатысамын. Достарыммен бірге биледік, ән айттық, көрініс те қойдық. Көптеген марапаттар мен жүлделі орындарға қол жеткіздік. Институт директоры атынан мадақтама алдым. Менің ойымша,

Әрекет етудегі мақсатқа адам ең алдымен өзін – өзі жетілдіру, сонан кейін бір үйде немесе бір қалада тұратын басқаларды жетілдіру арқылы жетеді.

Әл – Фараби

осындай шараларда көзге түсіп, Қорқыт Ата университетінің белсенді студенті болғаным үшін топ студенттер қатарын толықтырып тұрмын деп ойлаймын. Алдағы уақытта да бар мүмкіндігімді пайдаланып әрекет етемін және біздің оқу ордамыздың аты Қызылорда да ғана емес, Қазақстан бойынша танылғанын қалаймын.

2. Бірінші курсқа түскенде оң-солымды

онша білмейтін “балмұздақ” едім. Қазіргі Ақниеттің ол Ақниеттен айырмашылықтары өте көп. Көптеген тың ақпараттарды алу, шет тілдерін меңгеру, жаңа қызықты орта табу, бұрын білмеген сұрақтардың жауабын түсіну арқылы барлығын қорыта отырып өзімнің кім екенімді, болашақта кім болатынымды ұққандаймын.

3. Көшбасшы болу - оңай нәрсе емес. Менің ойымша, көшбасшыны топтың арасында атын атамай-ақ байқауға болады. Олардың өздері топтан ерекшеленіп тұрады. Нағыз көшбасшыға біріншіден, алдына қойған мақсатына жету үшін ақыл мен парасат керек, олар адамға сенімділік әрі күш-қуат береді. Екіншіден, көшбасшы батыл болуы тиіс. Өзінің талаптарының орындалу мүмкіндігіне сенімді болып, топ мүшелерін соған ұйымдастыра алуы қажет.

Мысалы, мен АЯ-21-1 оқу тобының топ басшысымын. Біздің топта 25 студент бар. Барлығы қыз балалар. 3 жыл қатарынан топбасшы болып келе жатырмын. Негізгі міндетім куратор-эдвайзер Абаділдаева Шырынкул апаймен және оқу тобындағы студенттермен етене араласып, жақсы қарым-қатынаста болып, топты ары қарай ілгерілетіп, биік белестерге жеткізу. Себебі, топ басшысы қалай жұмыс жасайды, топ студенттерінің белсенділігі соған байланысты деп ойлаймын. Лидер болу оңай шаруа да емес. Студенттердің барлығымен жақсы қарым-қатынаста болып, қиын жағдайға түссе, көмектесіп, қол ұшын созу керек.



УИА-20-1 оқу тобының студенті Ақназ Әлімжан

1. Жауапкершілігім мол, ортаға тез сіңе аламын, ізденімпаз, кез келген жұмысты тез алып кете алатын бейімділігім бар. Адам жатырқамай, жақсы қарым-қатынас құра алатыным мен

ұйымдастырушылық қабілетімнің арқасы деп ойлаймын. Басты артықшылығым білімім мен тәрбие, тәртібім.

2. Білімім мен біліктілігімді үйлестіріп, алғалы отырған мамандыққа практикалық тұрғыдан да машықтана бастадым. Мектеп бітіріп келген бала Ақназ бен өз ойын ашық та еркін, анық та нық жеткізіп, өз ісінің маманына айналып келе жатқан Ақназдың бір айырмашылығы - осы.

3. Көшбасшы болу – ұйымдастыру мен ортаны ынтымақ-бірлікте ұстаудан басталады. Өз ісім мен мамандығымды жақсы көретін мені көшбасшылыққа жігерлендіретін нәрсе – болашаққа деген сенім. Ата - анамның, оқу қабырғасындағы оқытушыларымның артқан сенімдері мақсатқа жету жолындағы шамшырақтарым іспеттес.

Адам өміріндегі ең тамаша нәрсе – оның басқа адамдармен қарым – қатынасы

А. Линкольн



ГМУ 20-1п/я оқу тобының студенті Айжан Орынбасар

1. 1-ші курстан бастап дебатқа қатысамын. «Ақиқат» пікір-сайыс клубының төрағасы болдым. Уақыт өте келе, бір жыл көлемінде мен оны облыстық деңгейге шығардым. Облыс көлемінде жұмыс жасап кол-

ледж студенттері мен мектеп оқушыларын тарттық. Бұл мен жетекшілік жасаған клубтың жетістігі деп айта аламын. Республикалық турнирлерден алып келген орындарымыз бар. Жалпы, дебат облыста

Жеке адам өз ақыл – ойының толысқаны үшін қоғамға қарыздар.

Н. Г. Чернышевский

енді-енді қалыпқа түсіп келе жатыр. Соңғы 7-8 жыл көлемінде аймақта республикалық турнирлерден орын болмаған. Біз соған қол жеткіздік. Қазір студентпін. Соған қарамастан «Анаға тағзым» мемлекеттік мекемесінде жарты күндік кестемен қызмет етіп жатырмын. Жақында бізге елбасының жолы түскенде үлкен кісінің алдында сөй сөйлеуімді де осы дебатқа қатысуымның нәтижесі деп ойлаймын.

Сонымен қатар, өз мамандығым бойынша халықаралық олимпиадаға қатысып 1 орын иелендім, түрлі олимпиадалар мен студенттік конференциялардың жеңімпазымын. Қазірде 2-ші жыл қатарынан президенттік шәкіртақы иегерімін.

Әр адам өзінің ішкі дүниесінің көрінісі. Адам қалай ойласа, өмірде де солай болады

М.Т. Цицерон

2. Ең алдымен университетке келгенде менде тек армандар мен мақсаттар болды. Ал қазіргі Айжан сол армандар мен мақсаттарға жеткен Айжан. Ол кезде маған барлығы қызық еді. Барлығы жаңа көрінетін. Бүгінгі күнделікті жасап жүрген істерімнің барлығы ол кезде маған таңсық-тұғын. Мектепте де белсенді болдым, жақсы оқыдым. «Алтын белгіге» бітірдім. Олар енді мен үшін өткен кезең.

3. Көшбасшы болу үшін ең алдымен өз болашағыма бір қараймын. Адам жүре келе, көре келе, топпен, ортамен араласа келе көшбасшы болады. Мысалы мен топсыз, өз командалсыз өзімді көшбасшы ретінде елестете алмаймын. Дәл сол сияқты мені жігерлендіретін арман мақсаттарым. Көшбасшылық менің арман-мақсаттарыма жету үшін қолданатын құрал деп айтсам да болады.

Жүргізген: Р.Садуова

«ҮЗДІК ОҚЫРМАН-2023»

Жетістіктер тізбегін әрі қарай кітапсүйер қауым жалғастырады.

Кітапхана қызметкерлері жыл соңында дәстүрлі түрде үздік оқырманды анықтау мақсатында мониторинг жасап, оқырмандар арасында талдау жүргізеді. Нәтижесінде, әр сала бойынша жыл бойы оқыған кітаптарына, көркем шығармаларына байланысты профессор-оқытушылар мен білім алушылар арасында ең үздік оқырман анықталады.

Биылғы жыл қорытындысымен кітапхана қорынан жүзден аса кітаптар алып, кітапхана қызметін белсенді пайдаланғаны үшін «Шетел

тілдері және аударма» БББ-ның оқытушысы, гуманитарлық ғылымдар магистрі **Усенова Гүлнұр Сағидоллақызы** жалпы саны 104 кітап және «Қазақ тілі мен әдебиеті және журналистика» БББ-ның Кял-22-3 оқу тобының студенті **Құрманғалиева Гүлфара Рашитқызы** 90 кітап оқығаны үшін «Үздік оқырман - 2023» номинациясына ие болды.

Ұлы Абайша айтқанда, «Білімнің көркі кітапта – кітапты түсіну үшін оқудан жалықпа» дегендей, кітап оқу – интеллектуалды дамудың бірден бір жолы екені айқын. **«СТ-ақпарат»**

Біле жүрейік!

ҰЛУ ТУРАЛЫ ДЕРЕКТЕР

Ұлулардың мүйізшелері сыртқа қарай аударылынған мұрын. Адам мұрынындағы иіс сезу рецепторларының бәрі ұлуларда мүйізшеде орналасқан.

Ұлулардың 25 000-ға жуық тісі бар. Олар бір қатарда емес, «үккіш» түрінде орналасқан.

Оңтүстік және оңтүстік-батыс Еуропада ұлуларды тағамдық мақсатта қолданады.

Ұлу етіндегі ақуыз тауық етіндегіден көбірек.

Өнерлінің өрісі кең

Студенттер шығармашылығынан



Бейнелеу өнері өте күрделі де сан қырлы тылсым өнер. Суреткерлердің туындыларына қарасаң, ішке бүккен құпиясы жетерліктей көрінеді, құдды. Адамдамуында әрбір қабілеттің өзіндік артықшылықтары болатынындай, сурет салу қиялдың ұшқыр болуына, қоршаған әлемді өзгеше сезінуіне жол ашатыны айдан анық.

Қоғам электронды тұрғыда дамығанына қарамастан аталған сан тармақты өнер түрі маңыздылығын жойған емес, керісінше, қолөнер туындыларының құндылығы айрықша салмақты.

Атап айтқанда, қазақтың кәсіби суретшілері Ә.Қастеев, Ә.Ысмайылов, Б.Сәрсенбаев, Қ.Қожықов секілді аға буын өкілдерінің ізбасарлары Қорқыт Ата университетінің қабырғасында да тәрбиеленіп жатқандығы зор жетістік. Бұл университет қабырғасында алып жатқан білімнің нақты нәтижесі. Ағалар салған сара жолмен жүрген шебер суретші шәкірттердің туындыларына зер салып көрейік.



Егер шындық біреу болғанда, мен бір тақырып төңірегінде жүздеген сурет сала алмас едім.
Пабло Пикассо



Суретшілер: Қаршыға Айым, Жақай Диас,

Құрылтайшы: Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті
Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі Ақпарат комитеті тексеріліп, №KZ29VPY00077786 куәлігі берілген.

Бас редактор:
Қ.Ә.Омаров

АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:

Б.С.КӘРІМОВА - Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің Басқарма Төрағасы-Ректоры
М.Ә.БӨРІБАЕВА - Басқарма мүшесі-Ғылыми жұмыстар және халықаралық байланыстар жөніндегі проректор
Ж.Н.БАЗАРТАЙ - әлеуметтік және тәрбие жұмыстары жөніндегі проректор
Г.ДУЗЕЛБАЕВА - Түлектер қауымдастығының төрайымы

Жауапты хатшы:

Раушан Кенжетайқызы

Техникалық редактор:
Асқар Алданышұлы

SYR TULEGI
student jastar gazeti

Жарияланған мақаладағы автордың пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді. Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды. «Сыр түлегіне» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуға міндетті.